

3 сынып білім алушыларына арналған «Жаратылыстану» пәнінен ІІ-тоқсан жиынтық бағалаудың тапсырмалары

Күні _____ Білім алушы _____

Орындау уақыты: 45 минут Балл саны: 16

Тапсырма ІІ нұсқа

1. Сұрақтарға жауап жаз.

1) Асқорытуға қандай мүшелер қатысады?

.....

2) Тамақтанудың адам өмірінде қандай маңызы бар?

.....

.....

.....

2. Сөйлемдерді толықтыр.

1) Адамның қанайналым жүйесі мүшелеріне

..... және

..... жатады.

2) Қан ағзаны

қамтамасыз етеді.

3) Қан ағзадан


алып шығады.

3. Адам ауру мен инфекциядан қалай қорғана алады? 1 мысал келтіріп жаз.

.....

.....

4. Қатты, сұйық, газ күйіндегі денелерге мысал келтір. Сызбаны толтыр.



5. Ауаның құрамындағы газдарды пайыздық мөлшерімен сәйкестендір.

Азот	21 %
Оттегі	1 %
Көмірқышқыл газ және басқа газдар	78 %

6. Дұрыс жауабын анықта.

1) Жер бетіндегі суға толған табиғи ойыс қалай аталады?

A) көл

B) өзен

C) бұлақ

D) қайнар

2) Суды тазарту үшін қолданылатын табиғи зат:

A) саз

B) құм

C) тас

D) шөп

7. Суды қалай үнемдеуге болады? Жаз.

Балл қою кестесі

№	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
1	Ауыз қуысы, жұтқыншақ, өңеш, асқазан, ішек	1	3-тен кем емес
	Тамақтану ағзаға күш береді. Адам ағзасының дұрыс өсіп-жетілуіне көмектеседі	1	Тапсырманың мазмұнына сәйкес баламалы, қысқа және толық жауаптар қабылданады.
2	жүрек	1	Қысқа және толық жауаптар қабылданады
	Қантамырлар, тамыр	1	
	қоректік заттармен. оттегімен	1	
	көмірқышқыл газын . зиянды заттарды	1	
3	Денені шынықтыру, жеміс-жидек пен көгөністерді көп жеу, жеке бас гигиенасын сақтау	1	Тапсырманың мазмұнына сәйкес баламалы, қысқа және толық жауаптар қабылданады.
4	Қатты: тас, мұз	1	Тапсырманың мазмұнына сәйкес баламалы жауаптар қабылданады.
	Газ тәрізді: бу, бұлт, түтін	1	
	Сұйық: су, шырындар	1	
5	<p>The diagram shows three rectangular boxes on the left representing components of air: 'Азот' (Nitrogen), 'Оттегі' (Oxygen), and 'Көмірқышқыл газ және басқа газдар' (Carbon dioxide and other gases). Arrows point from these boxes to three oval shapes on the right representing their respective percentages: 21%, 1%, and 78%.</p>	3	Әр дұрыс сәйкестікке 1 балл қойылады.
6	А)	1	Дұрыс жауапты белгілесе
	В)	1	Дұрыс жауапты белгілесе
7	Суды босқа ағызбау керек. Суды ұқыптылықпен пайдалану керек/...	1	Тапсырманың мазмұнына сәйкес баламалы, қысқа және толық жауаптар қабылданады.
Барлығы		16	

Тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының сипаттамасы

№	Бөлім	Бөлімше	Оқу мақсаты	Тапсырманың сипаттамасы	Тапсырма саны	Жалпы балл
1	Тірі табиғат («Уақыт» ортақ тақырыбы аясында)	2.3 Адам	3.2.3.2 Асқорыту жүйесінің тіршілікке қажетті энергияны алудағы рөлін сипаттау	Білім алушы ашық түрдегі толық жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	2
			3.2.3.4 Қан айналымы жүйесін және оның адам ағзасындағы рөлін сипаттау	Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	4
			3.2.3.5 Адам ағзасының ауру мен инфекциядан қорғану жолдарын түсіндіру	Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	1
2	Заттар және олардың қасиеттері («Сәулет өнері», «Су-тіршілік көзі» ортақ тақырыптары аясында)	3.1 Заттардың типтері	3.3.1.1 Заттарды шығу тегі және агрегаттық күйі бойынша жіктеу	Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды	1	3
		3.2 Ауа	3.3.2.1 Ауаның құрамын сипаттау	Білім алушы жабық түрдегі сәйкестікті анықтауды қажет ететін тапсырманы орындайды	1	3
		3.3 Су	3.3.3.2 Судың негізгі табиғи көздерін салыстыру. 3.3.3.4 Суды тазартудың түрлі тәсілдерін ұсыну.	Білім алушы жабық түрдегі көп таңдауы бар тапсырманы орындайды.	1	2
			3.3.3.3 Ауыз суды үнемді қолдану қажеттілігін түсіндіру.	Білім алушы ашық түрдегі қысқа жауапты қажет ететін тапсырманы орындайды.	1	1
Барлығы					7	16

